2026-2027 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2026-2027 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1,2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. «Павлодар облысының білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі **А.БАЙХАНОВ**.

Павлодар облысы әкімдігінің
2026 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына
1-қосымша

2026-2027 оқу жылына арналған жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Кадрларды даярлау бағытының коды мен топтастыруы	Кадрларды даярлау бойынша клиникалық мамандықтар атауы	Оқыту нысандары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орындар, гранттар саны)	Бір оқушыны (маманды) оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	В033 Діндану және теология	Теология	2	1055900
2	В033 Діндану және теология	Исламтану	3	1055900
3	В003 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Бастауыш мұғалімі	3	1008100
4	В005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Дене шынықтыру мұғалімі	5	1008100
5	В009 Математика мұғалімдерін даярлау	Математика мұғалімі	5	1008100
6	В017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Орыс тілі мұғалімі	7	1008100
Барлығы:			25	

Павлодар облысы әкімдігінің
2026 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына
2-қосымша

2026-2027 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Кадрларды даярлау бағытының коды мен топтастыруы	Кадрларды даярлау бойынша клиникалық мамандықтар атауы	Оқыту нысандары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орындар, гранттар саны)	Бір оқушыны (маманды) оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	7R011 Денсаулық сақтау	Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)	3	1 811 300
2	7R011 Денсаулық сақтау	Балалар жасындағы стоматология	1	1 811 300
3	7R011 Денсаулық сақтау	Балалар хирургиясы	1	1 811 300
4	7R011 Денсаулық сақтау	Жалпы хирургия	1	1 811 300
5	7R011 Денсаулық сақтау	Инфекциялық аурулар (балалар)	3	1 811 300
6	7R011 Денсаулық сақтау	Кардиология (ересектер, балалар)	2	1 811 300
7	7R011 Денсаулық сақтау	Кардиология (балалар)	1	1 811 300
8	7R011 Денсаулық сақтау	Неврология (ересектер, балалар)	3	1 811 300
9	7R011 Денсаулық сақтау	Неврология (балалар)	1	1 811 300
10	7R011 Денсаулық сақтау	Неонатология	2	1 811 300
11	7R011 Денсаулық сақтау	Онкология (ересектер)	2	1 811 300
12	7R011 Денсаулық сақтау	Оториноларин-гология (ересектер, балалар)	2	1 811 300
13	7R011 Денсаулық сақтау	Офтальмология (ересектер, балалар)	1	1 811 300
14	7R011 Денсаулық сақтау	Педиатрия	2	1 811 300
15	7R011 Денсаулық сақтау	Психиатрия (ересектер, балалар)	1	1 811 300
16	7R011 Денсаулық сақтау	Пульмонология (балалар)	1	1 811 300
17	7R011 Денсаулық сақтау	Ревматология (балалар)	1	1 811 300
18	7R011 Денсаулық сақтау	Терапия	2	1 811 300
19	7R011 Денсаулық сақтау	Фтизиатрия (ересектер, балалар)	1	1 811 300
20	7R011 Денсаулық сақтау	Жақ-бет хирургиясы (ересектер, балалар)	1	1 811 300
21	7R011 Денсаулық сақтау	Эндокринология (ересектер, балалар)	1	1 811 300
22	7R011 Денсаулық сақтау	Клиникалық фармакология	3	1 811 300
Барлығы:			36	

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Тікұшақпен жедел жеткізілді

Павлодар қаласына омыртқасын зақымдап алған Екібастұз тұрғыны тікұшақпен жедел жеткізілді.

Облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттің мәліметінше, Төтенше жағдайлар министрлігінің «Қазавиақұтқару» тікұшағымен медициналық көмекке мұқтаж ер адамды жедел жеткізу үшін Павлодар - Екібастұз - Павлодар бағыты бойынша шұғыл санитарлық рейс орындады.

- Әуе кемесінің экипажы белгіленген бағыт бойынша жедел ұшып шықты. Санитарлық авиацияның медициналық бригадасы ұшу барысында науқастың жағдайын тұрақты бақылауда ұстады, - делінген ресми ақпаратта.

Тікұшақ қонғаннан кейін науқас әрі қарай қажетті медициналық көмек көрсету үшін медицина мамандарына тапсырылды.

ҚҰҚЫҚ-АҚПАРАТ

Ekin-Patrol жүйесінің нәтижесі

Облыстық полиция Ekin-Patrol жүйесі арқылы жол қозғалысына бақылауды күшейтті. Павлодар облысында жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды автоматты түрде тіркейтін Ekin-Patrol жүйесімен жабдықталған патрульдік автокөліктер пайдаланылуда.

Облыстық полиция департаментінің мәлімдеуінше, жүйе автоматты режимде жұмыс істейді және полиция қызметкерінің тікелей қатысуын қажет етпейді.

- Жүйе жол қозғалысы ережелерінің әртүрлі бұзушылықтарын тіркеп, көлік құралдарының мемлекеттік нөмірлік белгілерін таниды. Одан кейін көлік құралдары берешектердің, тыйым салу-лардың және іздеудің бар-жоғын анықтау мақсатында тиісті дерекқор-лар бойынша тексеріледі, - делінген департаменттің ресми ақпаратында.

Полиция мәліметінше, жыл басынан бері облыс аумағында Ekin-Patrol жүйесі орнатылған автокөліктердің көмегімен 17 мыңнан астам құқық бұзушылықтың жолы кесілген. Мамандардың айтуынша, қабылданып жатқан шаралар ең алдымен жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Полиция жүргізушілерді жолда мұқият болуға және жол қозғалысы ережелерінің талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

Жылқылар иесіне қайтарылды

Павлодар облысында полицейлер жоғалған жылқыларды тауып, иесіне қайтарды. Нақтысы, Шарбақты ауданының учаскелік полиция инспекторлары жергілікті тұрғынға жоғалған малын қайтаруға көмектесті.

Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, жайылымнан жеті бас жылқы кетіп қалған. Бастапқыда иесі табынды өз бетінше табуға тырысқанымен, нәтиже шықпаған соң аудандық полиция бөліміне көмек сұрап жүгінген.

Іздестіру жұмыстарына Шарбақты аудандық полиция бөлімінің учаскелік инспекторлары Аманбол Ғавиден мен Талғат Смаков бірден кіріседі. Үйлесімді іс-шаралардың нәтижесінде полицейлер жоғалған жылқыларды тауып, иесіне қайтарды. Малдың иесі Сабина Аралова алғашында үмітін үзіп, жылқысын ұрлап кетті деп ойлаған. Полицияға жүгінгеннен кейін табылатынына сенім пайда болады.

Полиция тұрғындарға төрт түлікті қараусыз қалдырмау және олардың жайылымнан бөлініп кетуінің алдын алу шараларын қабылдау қажеттігін ескертеді. Ал жоғалған жағдайда іздеу созылып кеткенше күтпей, полицияға дереу хабарласқан жөн екенін айтады.

Г.МАҒЖАН.

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми ХАБАРЛАМАЛАР

«Dostyk-2023 (Достык-2023)» ЖШС Павлодар облысында орналасқан Аймандай кен орнында құрамында алтыны бар кендерді өндіруді жоспарлап отыр.

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішпен **2026 жылғы 2 қазандағы** Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ «Жоспарланған қызмет туралы өтініш» айдарында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk сайтында «Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар» айдарында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың аяқталу күні - 16.10.2026 ж.

Ескертулер мен ұсыныстарды (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау Комитеті) kerk@ecogeo.gov.kz электронды мекенжайына немесе Астана қ., Мәңгілік ел даңғ., 8 «Министрліктер үйі», 14 кіреберіс (Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігі экологиялық реттеу және бақылау Комитеті), телефон **8(7172740105)** қабылдайды. (20124)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» акционерлік қоғамы «Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» акционерлік қоғамы Электр станциясының қалдықтарды басқару бағдарламасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Нысанның географиялық координаттары: 52.796; 76.523

Әсер ету аумағы: Павлодар облысы, Ақсу қ., (Ақсу кенті).

Тыңдаулар **2026 жылғы 16 қарашада сағат 15:00-де** мына мекенжай бойынша өтеді: Павлодар облысы, Ақсу қ. (Ақсу к.), Комсомольская көшесі, 3, «Юность» КДЦ. Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференцбайланыс) өткізіледі:

https://erg.zoom.us/j/81574747120?pwd=uROaBq6ixb6H0rp56pe5kXca5yMEsf.1

Конференция идентификаторы: 81574747120.

Кіру коды: 596047.

Бастамашы: «Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы» акционерлік қоғамы, БСН 960340000148, Павлодар облысы, Ақсу қ.ә., Ақсу қ., Промышленная көшесі, 60 ғимарат, 8 747 659 50 86, alla.amelchenko@erg.kz.

Әзірлеушілер: «ССКӨБ» АҚ Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің жобалау тобы, БСН: 920 240 000 127, мекенжайы: Қостанай облысы, Рудный қ., Ленина көшесі, 26-үй. **Байланыс телефоны 8 (71431) 3-17-62**.

Жобалық құжаттама пакетімен ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ ресми сайтында (buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, +77055403051, 87182372178) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде танысып, ескертулер мен ұсыныстар енгізуге болады. (20129)